ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдың 23 қазан Іс № 5501-24-00-2/3222 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
«Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Пажир» жеке кәсіпкернің атынан Ахсунхар Пажирге

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

«Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Пажир» жеке кәсіпкернің атынан Ахсунхар Пажирге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«Пажир» жеке кәсіпкернің атынан Ахсунхар Пажир мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Пажир» жеке кәсіпкернің атынан Ахсунхар Пажирдан «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 867 (сегіз жүз алпыс жеті) теңге көлемінде

тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Пажир» жеке кәсіпкернің атынан Ахсунхар Пажирдан Павлодар облысы әкімдігі «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 26 (жиырма алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж төлеу бойынша шығыстар өндірілсін.

«Пажир» жеке кәсіпкернің атынан Ахсунхар Пажирдан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 23.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.12.2024, судья Магзумов Е. Т., 03.12.2024